

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 308 (2016), 36 – 42

ENTREPRENEURIAL CULTURE AND KAZAKH TRADITIONAL FARMING CULTURE

A. T. Abdiramanova

Kuzylorda state university of Korkyt Ata, Kazakhstan.

E-mail: bakhyt-zhan@mail.ru

Key words: cultural and economic type, nomadism, entrepreneurial culture, market relations, values, civilization, economics, ethics.

Abstract. The spiritual and material values of the peoples, including the type of economic activity of Kazakh people undergoing transformational shifts in the course of mutual interference of cultures of different nations and epochs are regarded. Nowadays, entrepreneurial culture occupies an important place in the global and national macro- and micro-economic areas. In this connection it is necessary to define the phenomenon of entrepreneurship in the Kazakh traditional society. In the paper there are investigated the signs and prerequisites for the formation of entrepreneurship in the Kazakh traditional culture.

ӘОЖ 1:338.22(574)

КӘСІПКЕРЛІК МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ШАРУАШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

A. T. Әбдіраманова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан

Түйін сөздер: кәсіпкерлік мәдениет, құндылықтар, нарықтық қатынастар, номадизм, өркениет, шаруашылық мәдени тип, экономика, этика.

Аннотация. Макалада ұлттық рухани және материалдық құндылықтардың, оның ішінде қазақ халқының шаруашылық жүргізу типінің мәдени өзара әсерлер барысында трансформациялануы сөз болады. Бұғынгі күні әлемдік және отандық макро- және микроэкономикада кәсіпкерлік мәдениеттің алатын орны зор. Осыған орай, дәстүрлі қазақ қоғамында кәсіпкерлік болды ма, егер болған жағдайда оның қайнар көздері қайда жатыр деген сұраптар туындаиды. Макалада қазақтың дәстүрлі шаруашылық мәдениетіндегі кәсіпкерліктің белгілері айқындалады.

Отпелі кезеңдегі ұлттық мәдени құндылықтардағы трансформациялық процесстерді терен түсіну үшін рухани мәдениет пен нарықтық құндылықтарға негізделген өркениеттің арақатынастарын айқындаپ алу қажет. Қазақстандық зерттеушілер өтпелі кезеңдегі қоғам мәдениетінің құрылымын талдайды [1, 14-16 бб.]. Соған сәйкес, мәдениеттегі нарықтық қатынастар тұрғысынан алғанда әрбір қоғамның үш мәдени қабатын айқындаиды. Біріншіден, бұл – ұлттың кәсіптік мәдениеті. Ол өзінің жазбаша сипатымен ерекшеленеді және оның классикалық түрлері (әдебиет пен өнердің түрлері) бұқаралық түрпіттік болмағандықтан, нарықтық құндылықтар оған жат болып келеді. Екіншіден, бұл ұлттың халықтың мәдениеті. Ол әдетте халықтың әдет-ғұрпынан, салт-дәстүрінен, жалпы адамдардың құнделікті тұрмыс-тіршілігінен аңғарылады. Ал қазіргі қоғамда ұстемдік етіп отырған мәдениеттің үшінші қабаты – бұл индустріалдық қоғамға тән «бұқаралық мәдениет» немесе «шоу-мәдениет». Соғысының ерекшелігі онда барлығы сатылатын және сатып алынатын

нарықтық сипатымен және ол үшін барлық тәсілдер қолданылатын тартымдылығымен түсіндірледі. Соңдықтан мұнда мәдениеттің құндылықтары натуралданады.

Осыған орай тек жалпы классикалық мәдениет пен модернистік мәдениеттің, жалпы мәдениет пен сауданың ғана емес, ұлттық мәдениет пен көсіпкерлік мәдениеттің арақатынастарындағы қайшылық туындаиды. Отандық мәдениеттанушы С. Т. Темірбеков мәдениет пен өркениеттің арақатынастарын талдай отырып, ұлттық мәдениеттің құндылықтарының терең трансформациясына назар аударады [1, 3-5 бб.]. Оның пікірінше, ұлттық мәдениет адамды адамдандыру мақсатындағы рухани формада ертеден пайда болған дәстүрлі мәдениет ретінде сипаттайды. Ол барлық кейінгі кеңестік елдердің ұлттық мәдениеттері үшін дамудың екі-ақ жолы барын айтады: біріншісі, шексіз либералды монетаризмді іске асыру арқылы бүкіл қоғамдық өмірді қатаң американандырудың салдарынан ұлттық мәдениеттің қүйреуі және кез келген реформалардан терең ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асырып, батыстың прогресивтік құндылықтарын ұлттық мәдениеттің жатырына жатқызу арқылы замана көшіне ілесу.

Осыған байланысты, дәстүрлі қазақ қоғамында көсіпкерлік болды ма, егер болған жағдайда оның қайнар көздері қайда жатыр деген сұраптарға жауап берудің реті келеді. Бұл жерде сауда нарықтық құндылықтың бағдарға қарсы тұратын қазактардың (сол сияқты орыстардың, якуттардың және өзбек, армян, грузиндер және ТМД-н өзге де кейбір халықтарының) көсіпкерлік қызметке, сауда мен бизнеске, өсімкорлыққа деген генетикалық қабілетсіздігі туралы пікір еске түседі. Нарықтық капиталистік тәжірибелің жоқтығы мен қоғамдық бөліністің басымдылығы (тауар-ақша қатынастарынан ғөрі натуралдық шаруашылықтың басымдылығы) алға тартылады. Мұны ұлт пен этнос арақатынасы мәселесімен де байланыстыруға болады. С. Т. Темірбековтің пікірінше, «қазактардың басым көшпілігі аграрлы халық қатарына жатады, олар рушилдық, трайбалистік қатынастарды жоюға жағдай жасайтын индустріалды қалалық мәдениеттің қазанында қайнаудан өткен жоқ, нарықтық өркениет тәжірибесі жоқтың қасы. Технологиялық менталитет қалыптаспаған. Демек, қазактардың ұлттық консолидациялану процесі елі де жалғасуда» [2, 11 б.].

Бұл пікірлердің астарында шындық жатқаны мәлім. Өйткені қазактардың дәстүрлі рухани және материалдық мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, рәміздері, әлеуметтік ұйымдасуы мен дүниетанымы, жалпы алғанда, қазақ халқының ментальдық ерекшелігі көшпелі өмір тәртібінің негізінде құралады. Бұл жерде қазактарда отырықшылық басым ба әлде көшпенделік пе, ирандық тек басым ба, әлде тұрандық тек басым ба деген пікірталастың ғылымда бар екендігін ескерген жөн. Дегенмен ерте ортағасырларда ислам әлемімен тығыз қатынаста болған түркі өркениеті тұсында отырықшылық пен қала мәдениеті басым болғанымен, кейінгі монғол дәуірі мен Қазақ хандығы кезінде көшпенделіктің шаруашылық өмірдегі үстемдігін ешкім жоққа шығара алмайды. Археологиялық-антропологиялық деректер де қазақ даласының үш мың жыл бойына евразиялықnomadizmniң эпицентрі болып келгенін және соңдай-ақ дәстүрлі қазақ қоғамында ұрпақтар арасында сақталып келген тарихи-мирастық сабактастық (диахронды-вертикалды) осы өмір сүру үрдісінің (көшпенделіліктің) автохтондығы мен гомогендігін растайды.

Сонымен бірге, өмірде томаға-тұйық, оқшау, «таза» көшпенделіліктің кездеспейтіні де белгілі. Көшпелі шаруашылық-мәдени тип қазактарда XX ғасырға дейін жетекші шаруашылық тәсілі болып келгенімен, белгілі мәдениет зерттеушісі Т. Х. Фабитовтың пікірінше, «дәстүрлі мәдениеттің архетипінде келесі – оазистік-дихандық тип көшпенделілікпен қатар синхронды түрде дамыды» [3, 146 б.]. Дәстүрлі мәдениеттегі мұндай синкретизм тарихшы ғалым К. Ақышевтің мақаласында қазактардың орналасу территориясының отырықшылармен контактілігімен де байланыстырылады [4]. Белгілі көшпелі мәдени типтің екі бітімі – бірінші сүмен қамтамасыз етудің жасанды емес типі (табигаттың дайын су көздерін пайдалану); екінші, жасанды су көздерін пайдалану (құдықтар, бөгеттер, су қоймалары және т.б.) болса [5, 80 б.], Ә. Жәнібеков «қазактарда көшіп-қонудың тарихта белгілі «көлденен», «тіке», «тұрақты» бағыттарының барлығының болғанын дәлелдейді [6, 33 б.].

XX ғасырдың басына дейін көшпенделілік өмір салты қазақ халқында негізгі этноскұрастыруышы белгі болып келгенін мойындауға болады. 1897 жылғы халық санағының деректері бойынша қазіргі Қазақстан территориясында қазактардың тек 1,14 %-ы ғана қалаларда тұрған. XX ғасырдың басында отырықшылардың жалпы саны 100 мың адамға ғана жеткен (қазактардың сол кездегі жалпы саны шамамен 6 миллиондай адам).

Аталған санақ қазактардың 77 %-ы негізіненnomадалар болғанын, ал 18%-ы диханшылықпен айналысқанын көрсетеді. Маргиналдану аймақтарында етіншілердің үлес салмағы жоғары болған. Мысалы, Тәшкент уезінде қазактардың 88 %-ы диханшылықпен айналысқан [3, 139 б.]. Қазактың көшпелілік өмір салты мынадай типтік белгілермен ерекшеленеді: 1) мал бағу -шаруашылықтың басым түрі; 2) жыл бойы малды табиғи ұстауға негізделген шаруашылықтың экстенсивті тәсілі; 3) жер жағдайына қарай маусымдық көшіп-қону; 4) қазіргі капиталистік ранчолардан өзгеше шаруашылықтың натуралдық басымдылығы.

Көшпенділік қазақ халқының дүниетанымынан, оның менталитетінен берік орын алған және ол отырықшы халықтың дүниетанымымен сай келе бермейді. Көшпелі өмір сүру тәртібі отырықшыларға қарағанда мүлде өзгеше түсініктер мен құндылықтарды, өзге салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қалыптастырады. Көшпелі ментальдықта бәрі ағады, бәрі өзгереді... Ұақыт пен Қеністік көшпенділер үшін мүлде басқа мәнге ие. Отырықшы адам болмысының фундаментальды өлшемі түрінде көрінетін тарихтың көшпенді үшін мағынасы жоқ, оның орнын мифтер мен азыздар алмастырады [7, 9 б.] «Барлығы өзіммен бірге» деген өмірлік принципке сүйенетін көшпелі халық өзін не қалада, гибадатханада, не мұсінде, не жазба дәстүрде, не тыңайтылған жерде, не суландыру жүйелерінде заттандыра алмайды... олардың қозғалысы ұақыт ағымына емес (бір жерде қоғамдардың алмасуы), қеністікке (орын алмасу) бағытталған... оларда қозғалыс тамақ үшін емес (егіншілерде қозғалыс, еңбек – тамақ асырау мен құн-көріс үшін қажет), тамақ қозғалыс үшін (яғни, керісінше) [8, 61-83 бб.]. Беделді авторлардан келтірілген бұл пікірлер көшпенділер менталитетінің отырықшылардан түпкілікті айырмашылықтарын сипаттайды.

Көшпенді мәдениет көшпелілердің өзі үшін мұрат, үлгі болып есептелген. «Себебі, – дейді Ш. Ыбыраев, – көпшілік жаппай жақтырмайтын қоғам мындаған жылдар бойы өмір сүре алмайды, әйтеүір бір тарихи бұрылыста елдің бәрі одан үркіп шығатыны анық (әрине, құні кешегі жаппай қырғынмен зорлап отырықшы ету басқа мәселе)» [9, 32 б.].

Көшпенді қазактардың бойындағы этноцентризм олардың көрші отырықшы халықтар мен әлеуметтік топтарға (көшке ере алмай жүртта қалып қойғандар – жатақтарға) менсінбей қарауынан көрінеді және сонысымен өз мәдениетіндегі көшпенділік архетиптің басымдылығы тағы да дәлелденеді. Халық бойындағы мұндай көніл-күйді ұлы Абай анғарып, өзінің «Қара сөздерінде» мысал келтіріп жазады. «Мен бала құнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе күлуші еді: ененді үрайын кең қолтық, шүлдірекен тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп қамыс артқан, бұтадан қорықкан, көз-көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан «сарт-сұрт деген осы деп». Ноғайды көрс, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорықкан ноғай, атқа мінсе шаршап, жаяу жүрсе демін алады, ноғай дегенше ноқай десенізші, түкке ыңғайы келмейтұғын солдат ноғай, қашқын ноғай, «бақәлшік» (ұсақ саудагер, бакалейщик А.Ә.) ноғай деп». Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті»- деп» [10, 9 б.].

Көпшілік менталитетте шаруашылық тәсілін алмастыруға теріс баға берілген. Мысалы, «жа-тақ» деп өмірде табысқа жете алмаған аутсайдерді айтқан. Көпшілік мәдени типтің күйзелісі қоғамда пауперлену тудырып, бұрынғы «ынтымақтастыққа негізделген адамдық тәртіпті» (Ф. Хайек) шайқалған. Табиғи биоценоздың тұтастығының бұзылуы адамның қауымдасуға да теріс әсерін тигізеді. «Шаруа көшсе байыды» деген сез де отырықшылықтан гөрі көшпенділіктің басымдылығын алға тартады.

Біз үлгі ретінде алып отырған шаруашылық-мәдени тип Алтайдан Карпатқа дейін созылып жатқан Ұлы дала деп аталағын қеністікке қатысты. Оның негізгі территориясы Орталық Азия болып саналады. Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған (үш мың жыл) әлеуметтік-экономикалық формацияның, «атты қөшпелі өркениеттің» (М. Әуезов, С. Ақатай) немесе «далалық өркениеттің» (А. Қасымжанов) өн бойында осы территорияны мекендерген көшпелі этностардың үздік жетістіктерін бойына сініре отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрін сақтап қалған бірден-бір халықтардың бірі – қазақтар. Соңдықтан да олардың дәстүрлі этномәдениетінің архетипі – көшпенділік. Еуроорталықтық әдебиетте көшпенділерді мәдениеттен жүрдай «варварларға» теңел, егіншілік пен бау-бакшаны жалмап жеп қоятын шегірткелермен салыстырса, ал кейіріп авторлар олардың адамзаттық тарихтағы алатын орнын ерекше бағалайды. Мысалы, көшпенділер – қеністіктегі «мәдени қатализаторлар» (А. Вебер), «тарихтың дырау қамшысы» (В. О. Ключевский),

«Тарихи қажеттіліктің арбакештері» (А. Сейдімбек), «тарихтың өн бойында қозғалатын ферменттер, тарихи қозғалыс пен дамудың органдары мен құралдары» (Г. Д. Гачев).

Қазақ қоғамы туралы еулоорталықтың түсініктің, бұл қоғамды XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылыми зерттеle бастаған соң ғана сына бастағанын айта кеткен жөн. Сол замандағы зерттеушілердің ішіндегі ірі тұлғалардың бірі, ұзақ уақыт бойы Орталық Азияда өмір сүріп, еңбек еткен неміс түркологы В. Радлов алғашқылардың бірі болып қазақы көшпелі қоғамның жетілмегендігі, тағы және арамтамақтығы жөніндегі жаңсақ, көшірме, еліктеме түсініктеге қарсы шықты. Радлов бұл туралы: «Біз бұл жерде отырықшы халықтардың мәдениетіне пара-пар қарсы тұрған өркениеттің сатысымен істес болып отырмыз... Қазақ қоғамында үстемдік етіп отырған анархия емес, тек өзін ғана тән, біздікінен өзгеше және барынша реттелген мәдени қатынастар», деп жазды.

Бұл жерде көшпелі қазақ қоғамын тұйық, оқшау, жабық жүйе ретінде қарастырудан аулақ болу керек. Қазақстан мәдениеті әлемдік өркениет пен жалпы адамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде өзіндік табиғи-ландшафттық жағдайда – ерте кезден Батыс пен Шығыс мәдениеттерін байланыстырып келген Еуразияның орталық территориясындағы өлі дала ареалында қалыптасты. Орталық Азияның халықтары мен ертедегі тайпаларының палеолит, қола дәүірлерінен бастап мәдени дәстүрлері ғаламдық жалпы адамзаттық заңдылықтардың динамикасы ағымындағы социомәдени процестерді бастаң кешіріп, номадизмге тән көшпелі мал шаруашылығының ықпалымен қалыптасты. Кейінірек толық құралып біткен жергілікті, төл (автохтонды) дәстүрлер әртүрлі шекаралас, жапсарлас жатқан халықтар мен елдердің мәдени ықпалын бойына сіңіре отырып, қазіргі мәдениеттанымдық, теориялық тұрғыдағы зерттеушілерді талап ететіндей құрделі және біртұтас феномен – дәстүрлі этномәдениетті дүниеге әкелді.

Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қоғамда кәсіпкерліктің көріністері мүлдем болған жоқ деген оймен келісуге болмайды. Мысалы, қазақтардың ертеден бір-бірімен «мал-жан аман ба?» деп амандастындығы белгілі. Бұл жерде «мал» сөзі тек төрт түліктің жалпы атауы ғана емес, онан да кең ұғымды білдіретінін ескеру керек. Бұл терминнің мән-мағынасын халықтың пін дәүлетті молайтуға шақырған ұлы Абайдың мыңа бір өлең шумағынан пайымдауға болады:

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.

Сондай-ақ, ұлы ақынның, «есектің артын жу да, мал тап», деген императивінен кәсіпкерлікті насиҳаттау анғарылады. Осы тұста қазақ үшін қадірлі «мал» сөзінің арабша мағынасын да келтірудің реті келіп тұр.

Көпшілік «капитал» деген сөзді қазақ тіліне аудара алмай әлек болып жүр. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіне ислам өркениетінің ықпалын ескере отырып, араб тілінен біздің лексиконға еніп кеткен «мал» терминін «капиталдың» эквиваленті ретінде қолдануға болады. Араб тілінен «мал» сөзі «меншік», «капитал» деп аударылады. Меншік, мұлік ретіндегі «мал» (көшпе тұрде – амвал) отырықшы арабтарда «ақшаны», «игілікті» білдіре, ал көшпелі бәдәуилерде «түйе», «мал» (тұлік, жануар) дегенді білдіреді. Ортағасырлық авторлардың түсіндіруінше мал төрт категорияға бөлінеді: «мылқа» (аса бағалы материалдар мен ақша), «сөйлейтін» (құлдар мен тұліктер), тауарлар және жылжымайтын мұлік. Өзінің тар мағынасында мал – қаржы, ақшалай құралдар. Қаржы мен салықтар туралы трактаттар – Китаб ал-амвал деп аталады. Мұсылмандардың бүкіл қауымына тиесілі құралдар байт ал-мал немесе мал ал-муслимин деп айттылады. Кей жағдайларда мал салықты натуралды турде емес, ақшалай тұрде төлеуді білдіреді. Мал термині өзінің әртүрлі мағыналарында барлық мұсылман халықтарының тілдеріне енді.

Пайдамен (галла, рибх) салыстарғанда өндіріске немесе саудаға жұмсалған құралдар, сондай-ақ құрамына пайда да кіретін сату бағасымен салыстырғандағы бұйымының өзіндік құны да рас алмал деп аталады. Бұғынгі мағынасында рас ал-мал «капитал» ұғымымен бірдей сәйкес келеді [11, 102 б.]. Бір-бірінен географиялық тұрғыда алшақ жатқан бұл екі халықтың тіліндегі «мал» ұғымының бір нәрсениң білдіруі араб жұрты мен түркі елінің шаруашылық жүргізу дәстүріндегі ұқсастықтарды алға тартады. Түркілік номадтар құргақ құрылыштық аймақта көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, өзен аңғарларындағы отырықшы өркениетпен тығыз байланыста болса, араб бәдәуилері де шөлді және шөлейтті аймақта мал асырап, оазистердегі кала мәдениетімен тығыз қарым-қатынаста болды.

Орыс зерттеушісі Р. Моисеевтің «Шығыста істі қалай жүргізу керек: шығыстың кәсіпкерлік психологиясы мен этикасының кейбір ерекшеліктері туралы» деп аталатын мақаласында Арабтың Шығыста кәсіпкерлер арасындағы қатынастардың қалыптасуына исламның ықпалы қарастырылады. Арабтың Шығыс – ислам қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтитын мұсылман әлемінің бір бөлігі. Оның аумағынан іскерлік сала – бизнес те тыс қала алмайды. Ислам тек әлем мен адамның болмысын ғана қарастырып қоймай, экономика мәселелеріне де көніл бөледі. Адам ең алдымен қоғамға пайда келтіру тиіс, ал жеке бастың пайдасы ол үшін екінші орында ғана болуы қажет. Яғни, ислам бойынша, жеке меншік әлеуметтік прогресс үшін жасампаз фактор болып табылады. Бүгінде Құран бойынша өмір сүретін бірқатар мұсылман елдерінде «ислам экономикасының принциптері» деп аталатын ұстанымдар енгізілген: өзінің дұрыс және заңды құралдарымен қол жеткізген иеліктеріне деген меншіктікепілдік беретін заңдар болады» [12, 64-67 бб.].

Ерте орта ғасырларда ислам дінінің Жерорта теңізі елдерінен Қос өзен мен Үндістанға немесе керісінше бағытталған керуен жолдарының бойында, Хиджаз аймағында пайда болуы, сондай-ақ бұл діннің негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың да күрейіш тайпасы, хашимит руынан, Мекке қаласындағы көпестер ортасынан шыққандығы белгілі. Ислам әлеміндегі сауда мен кәсіпкерлік ешқандай қиянatty, адамның енбегін жеуді көтермейді, керісінше ол діни тазалық пен әділдікке негізделеді. Хадистерде кездесетін «кісінің енбекақысын, оның мәндай тері кепкенше бер» деген өсіет осыны дәлелдейді. Сондай-ақ әр сатушы таразыдан жемей (өйткені бұл ақиrette қатаң жазаланатын ауыр күнәлардан саналады), тауарын етірік мақтамай, оның дәл құнын айтуы тиіс. Сонда ғана оның кәсібінің нәсібі, берекесі болады, себебі одан тауар сатып алған адам, сатушының адальдығына көз жеткізгендіктен, келесі жолы да соған барады және өзгелерді де соған сілтейді. Ислам дінінде өсімкорлықта тыйым салынады, малдың, дүниенің қырықтан бірінен зекет беру парыз саналады, кедей-кепшік пен кемтарларға, жетім-жесір мен міскіндерге қайыр-садақа беру құтталады. Бұл ұстындар ислам экономикасы мен кәсіпкерлігінің негізінде жатыр және бұл қағидаттар қазақ халқының кәсіпкерлігіне де енген.

Дегенмен бұл Шығыстың іскерлік әлемі Батыстың ықпалына түспеді дегенді білдірмейді. Көптеген кәсіпкерлер АҚШ-н, Францияның, Ұлыбританияның және т.б. алдыңғы қатарлы мемлекеттердің танымал оқу орындарында білім алды. Олар кәсіпкерліктің американдық және европалық мектептерін игерді, тәртіптілікті, дәлдікті, әділдікті алдыңғы орынға қоя отырып, өздерінің алған тәжірибелеріне сүйенуге тырысады. Алайда арабтың немесе басқа мұсылман халықтарының базары сырттай қанша өзгергенімен, қазіргі заманың ықпалына ұшырағанымен, оның рухы сол қалпында өзгеріссіз қалып отыр. Ондағы жергілікті саудагердің, коммерсантың психологиясы да аса мәнді өзгерістерге түсе қойған жоқ.

Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына келсек, оның трансформацияға ұшырауы қалыптасып келе жатқан әлемдік үрдістермен байланысты болды. Экстенсивті малышылыққа негізделген көшпелілік шаруашылық мәдени типінің қарқынды дамуы үшін жайылымдық кеңістіктің ұлғаюы қажетті еді. Алайда XV–XVI ғасырлардан бастап Еуропадағы мемлекеттер күшейіп әлемнің өзара жаңа бөлінісін бастады. Индустріалды қоғамға бет бұрған батыстық елдер және олардан үлгі ала бастаған Ресей территориялық экспансия саясатына көшті. Көшпелілер заманың жаңа талабына жауап берे алғатын ішкі күштерін таба алмады және оларды алауыздық пен өзара тартыс ауруы әбден мендел алған еді.

Сонда да көшпелі шаруашылық-мәдени тип дүниежүзілік мәдениетте өзіне тиісті құнды орын алады. Номадтардың ғасырлар бойы жинақталған шаруашылық мәдениетін қазіргі кезде де ескеріп, дұрыс қолдану тарихи сабактастықтың кепілі болып табылады.

Қазақтың дәстүрлі шаруашылығына сыртқы ықпалдың әсеріне сай оның өзгерістік уақытын өзіне тән ерекшеліктеріне сәйкес келесі кезеңдерге бөліп қарастыруға болады: 1) ресейлік отаршылдық саясаттың аясында қазақ даласына капиталистік элементтердің ене бастауы; 2) кеңес дәуірі тұсында Қазақ социалистік республикасының жоспарлы экономика; 3) тәуелсіздік тұсында нарықтық экономика рельстеріне өту.

Біздін жас тәуелсіз мемлекеттің экономиканы басқарудың жоспарлы жүйесінен оның нарықтық тетіктеріне өте отырып, халықаралық экономикалық жүйеден өзінің лайықты орнын табуға ұмтылуда. Қазақстан Республикасы өзге елдерден оқшау тұйық емес, керісінше олармен тығыз қарым-қатынаста дамуға ұмтылғандықтан, дамыған елдердің экономикасының ең жақсы үлгілерін

қабылдауға, экономикалық ойлаудың жаңа дағдыларын қалыптастыруға тырысады. Мемлекеттің саяси, мәдени, сондай-ақ экономикалық мүдделері тек өз жүйесінің ішіне ғана емес, онан тыс жерлерге де таралады. Сондықтан казакстандық кәсіпкерлер әлемдік бизнесте қалыптасқан, жалпы қабылданған түбегейлі этикалық нормаларды білуі және соған бағдар ұстануы қажет. Отандық кәсіпкерлер өз бойларында жаңа психологиялық қондырығыларды қалыптастыруы, шешім қабылдауда стандартты емес тәсілдерді іздестіруі, ұғарымды өз қолына ала білуі, қайшылықтарды алдын ала біліп, оны шеше білуі қажет. Басқаша айтқанда, ертеректе барлық іс-әрекеті мемлекеттің қадағаланатын кеңестік жетекшінің санасынан сапалы түрде басқа, қазіргі экономикалық сананы орнықтыруы қажет. Мұндай қазіргі экономикалық ойлау шығармашыл, белсенді, мақсатқа ұмтылғыш адамдарға тән. Десек те, әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін қазақи кәсіпкерлік өзінің дәстүрлі бітім-болмысы мен кескінінен айырылмауы қажет, жалаң көшірілген жаңашылдық жеміс бермейді, ол тамыры мен өзегін дәстүрлі шаруашылық рухқа байлауы тиіс. Сонда ғана ол сұғанақтық болмайды, өзінің дара кескінімен ерекшеленеді.

Әркениеттік бизнес әлемінде жазылмаған заңдар, ойын ережелері мен моральдық нормалар ете көп кездеседі. Әдетте кәсіпкерге қойылатын белгілі талаптардың ішінен мыналарды атап айту керек: іскерлік қатынастардағы тәртіптілік пен адалдық, принципиалдылық пен құрмет, парасаттылық пен адамгершілік, мәдениеттіліктің биік денгейі. Бұл қасиеттерді жетілдіру үшін гуманизм мен адамгершілік сана жоғары дәрежеде болуы тиіс. Әрбір кәсіпкер тек табыска ғана емес, өз әрекетімен қанағаттануға кепілдік беретін іскер адамның имиджіне сәйкес келетіндегі өзінің парасатты бейнесіне ие болуы керек. Кәсіпкерлік табыстың әркениетті түсінігі, ең алдымен, этикалық және моральдық жағдаймен, соナン кейін ғана қаржылық жағдаймен байланыстырылады. Алайда кәсіпкерлер өздеріне әртүрлі мақсаттар қояды. Бірі өзіне орасан зор табыс әкелсе болды, ақшаны кез келген жолмен табуға тырысады. Ал келесілері де пайда табуды армандағанымен, оны кездейсоқ жағдайға сүйену жолымен емес, адалдық пен сенімге негізделе отырып, нақты идеяны іске асыру арқылы жетуге тырысады. Бұл кәсіпкерлер өздері қалаған әрекеттің бағытында алдыңғы орында болуға ұмтылады. Міне, осы қасиет кәсіпкерлік әрекеттің әркениеттік типін білдіреді. Жетекшілігі материалдық емес сипаттағы факторларға зор мағына беретін фирмалар әдетте үлгерімді болып келеді, өйткені өзіне сенімді және бай адамдардың ғана мәдениетке мойын бұратыны баяғыдан-ақ байкалған. Ал іскерлік әлемінде мығым орнықтылығы жоқ кәсіпорындар өз өмірін сақтап қалу үшін қатаң құреске түсуге мәжбүр, олардың мәдениетпен айналысуға мұршасы жоқ. Сондықтан жетекшілігінің енбектің моральдық-етикалық мәселелеріне көніл аударуына қарай мықты фирмаларды өзгелерінен ажыратып алуға болады.

Бір сәттік пайдаға емес, орнықты келешекке бағытталған табысты бизнестің негізі таза да адал кәсіпкерлік болып табылады. Қазақстанның барлық кейіпкерлері осы принципті ұстана бермейді. Мүмкін бұл қоғамдағы мораль мен мәдениеттің бүтінгі ахуалымен байланысты болуы ықтимал. Бұл процесс қызындықтармен қоса ұзаққа созылуы да мүмкін. Ол үшін қажетті дәстүрлер қалыптасуы керек. Бұл дәстүрлер қоғамда қалыпты кәсіпкерлік үшін қолайлы экономикалық, құқықтық және рухани жағдайлар орын алғанда ғана бекітіледі. Біздің елімізде мұндай жағдай енді қалыптасып келе жатқандай.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Современные проблемы развития национальной культуры. Материалы республиканской научно-теоретической конференции / Отв. ред. С. Т. Темирбеков. – Алматы, 1998. – С. 3-4.
- [2] Темирбеков С.Т. Культурологические аспекты национального характера казахов // Культура Казахстана: традиции, реальности, поиски / Ответ. ред. Е. Б. Имамбек. – Алматы: РНЦПК, 1998. – С. 104-110.
- [3] Рабитов Т.Х. Казақ мәдениеттің типологиясы. – Алматы: Қазақ үн-ті, 1998. – 203-204 бб.
- [4] Ақишев К.А. К генезису традиционной культуры казахов (археологический аспект) // Культура кочевников на рубеже веков (XIX-XX; XX-XXI вв.); проблемы генезиса и трансформации / Ответ. ред. Н. Ж. Шаханова. – Алматы, 1995. – 104 с.
- [5] Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов (Основы жизнедеятельностиnomadного общества). – Алматы: «Соц. инвест», М.: Горизонт, 1995. – 320 с.
- [6] Жәнібеков Ф. Уақыт керуені. – Алматы, 1992. – 33 б.
- [7] Нуржанов Б.Г. Культурология: Курс лекций. – Алматы: ун-т «Қайнар», 1994. – 128 с.
- [8] Гачев Г.Д. Национальные образы мира. Общие вопросы: русский, болгарский, киргизский, грузинский, армянский. – М.: Сов. писатель, 1988. – 488 с.

- [9] Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993. – 561 б.
- [10] Абай. Қара соз. Поэмалары. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
- [11] Ислам. Энциклопедический словарь. – М., 1991. – 158 с.
- [12] Моисеев Р. Как вести дела на Востоке: о некоторых особенностях восточной предпринимательской психологии и этики // Азия и Африка сегодня. – 2001. – № 2. – 121 с.

REFERENCES

- [1] Sovremennye problem razvitiya natsionalnoi kultury. Materialy respublikanskoi nauchno-teoreticheskoi konferencii / Otv. red. S. T. Temirbekov. Almaty, 1998. P. 3-4.
- [2] Temirbekov S.T. Culturologicheskie aspekty natsionalnogo charaktera kazachov // Cultura Kazachstana: traditci, realnosti, poiski / Otv. red. E. B. Imambek. Almaty: PNCPK, 1998. P. 104-110.
- [3] Gabitov T. H. Kazach madenietinin tipologiasi. Almaty: Kazach un-ti, 1998. P. 203-204.
- [4] Akishev K.A. K genezisu tradicionnoi cultury kazachov (archeologitceskii aspekt) // Cultura kotcevnikov na rubeje vekov (XIX-XX; XX-XXI vv.): problem genezisa i transformacii / Otv. red. N. J. Shachanova. Almaty, 1995. 104 p.
- [5] Masanov N.E. Kotcevaia civilizacia kazachov (Osnovy liznediatelnosti nomadnogo obshestva). Almaty: «Sots.invest»; M.: Gorizont, 1995. 320 p.
- [6] Janibekov O. Uakyt kerueni. Almaty, 1992. 33 p.
- [7] Nurjanov B.G. Culturologia. Kurs lekcii . Almaty: un-t «Kainar», 1994. 128 p.
- [8] Gatcev G.D. Natsionalnye obrazy mira. Obshie voprosy: russkii, bolgarskii, kirgizskii, gruzinskii, armianskii. M.: Sov. pisatel, 1988. 488 p.
- [9] Ibraev Sh. Epos alemi. Almaty, 1993. 561 p.
- [10] Abai. Kara soz. Poemalary. Almaty: El, 1993. 272 p.
- [11] Islam. Enciklopedicheskii slovar. M., 1991. 158 p.
- [12] Moiseev R. Как вести дела на Востоке: о некоторых особенностях восточной предпринимательской психологии и этики // Azia i Afrika segodnia. 2001. N 2. 121 p.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКАЯ КУЛЬТУРА И КАЗАХСКАЯ ТРАДИЦИОННАЯ КУЛЬТУРА ВЕДЕНИЯ ХОЗЯЙСТВА

А. Т. Абдираманова

Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата, Казахстан

Ключевые слова: культурно-хозяйственный тип,nomadizm, предпринимательская культура, рыночные отношения, ценности, цивилизация, экономика, этика.

Аннотация. Духовные и материальные ценности народов, в том числе тип хозяйственной жизнедеятельности казахского народа претерпевают трансформационные сдвиги в ходе взаимовлияния культур разных народов и эпох. В наше время предпринимательская культура занимает важное место в мировой и национальной макро- и микроэкономической сферах. В связи с этим возникает необходимость определить феномен предпринимательства в казахском традиционном обществе. В статье выясняются признаки и предпосылки формирования предпринимательства в казахской традиционной культуре.

Поступила 17.03.2016 г.